

УДК 81

ПРОЗА ТІЛІНДЕГІ СӨЗ - СИМВОЛДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Қанапина Б.Т.,
аға оқытушы, ҚМПИ,
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Мақалада қазіргі қазақ тіл біліміндегі символдық мағынаны көркем мәтіннің мазмұнына сәйкес анықтау зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары қарастырылады. Символдық мағынаны, сөздерді ашып көрсеткен тілші-ғалымдар пікірі кездеседі. Айтылмақ оқиғаның сырын тұспалдап ашатын сөз-символдары кеңінен қолданылған.

Аннотация

В данной статье рассматриваются главные направления определения исследовательских работ по художественному содержанию текста символического значения современного казахского языкознания. Широко использованы слова-символы, а также приведены мнения писателей о символическом значении.

Abstract

This article deals with the main ways of defining research work on art content of the text symbolic meaning of modern Kazakh linguistics. In this article we can find widely used words symbols and the writer's opinion about symbolic meaning.

Түйінді сөздер: тіл, әдебиет, көркем шығарма, символ, мәтін.

Ключевые слова: язык, литература, художественное произведение, символ, текст.

Key words: language, literature, piece of art, symbol, text.

1. Кіріспе.

Поэзия тілін қарастырумен қатар, көркем проза стилистикасы тілін зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде символдық мағынаны көркем мәтіннің мазмұнына сәйкес анықтау зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарының біріне айналған. Өйткені, көркем туынды ұлт тілінің құдіретін танытып қана қоймай, оның сыр сипатын, бүкіл болмысын жан-жақты ашуға, танытуға негізделген. Өзге мәтіндерге қарағанда (ғылыми, публицистикалық т.б.), тілдің образдылық мүмкіншілігі, эстетикалық қызметі осы көркем туындыда, көркем мәтінде барынша ашыла түседі. Сондықтан «Халықтың рухани-эстетикалық қажетін толығынан өтеп, ұлттық ұйымдастырушылық қызметін атқарып келетін көркем әдебиет тілін зерттеу – бүгінгі мәдени дүниеміздің мүддесі», – деген белгілі ғалым Р. Сыздықтың пікірін қуаттай түскіміз келеді (Сыздықова Р., 1997, 7 б.). Осы көркем шығарма тілін танытудың ең бір өзекті тұсы – сөз қолданысы болып табылады. Мұнда стильдік – шеберлік жайттары сөз болмақ. Осыған байланысты суреткерлік қырын танытатын көркем мәтін мазмұнын бейнелеуге қатысты сөз қолданыстардың бір түрі – шығармада айтылмақ оқиғаның сырын тұспалдап ашатын, ишарамен білдіретін – сөз-символдарды қолдану.

2. Талқылау.

Тілші-ғалым Р. Сыздықованың «Сөз құдіреті» атты кітабында М. Әуезов, Ш. Мұртаза, Ә. Кекілбаев, С. Бердіқұлов, М. Мағауин, О. Бөкеев, А. Сүлейменов сияқты қазақтың көркем сөзінің құдіретін танытқан қаламгерлердің тілін талдау жан-жақты қарастырылып, зерттелінген. Сөз қолданыс – жазушы шеберлігінің айнасы. Бұл орайда әңгіме желісі болатын шеберлік тұстары әр алуан болып келеді. Солардың бірі – жоғарыда атап өткен шығармада айтылмақ оқиғаның сырын тұспалдап ашатын сөздерді қолдану. Мұндай сөздерді талдауды

ғалым еңбегінде, ең алдымен, белгілі жазушы М. Әуезовтың шығармаларынан бастау алады. Жазушының қолданысындағы сөз-символдарды қарастыру кезінде суреткердің «Қорғансыздың күні» және «Қаралы сұлу» туындылары алынды. Мәселен, «Қорғансыздың күні» әңгімесінде трагедиялық оқиғаға себепкер болатын Жақыптың болысы Ақан мырза мен оның атшабары Қалтай жолаушылап келе жатқан жыл мезгілін, күн райын суреттеу үстінде жазушы «қызыл (қып-қызыл, қызғылт)» деген сын есімді бір абзацта сөйлем сайын келтіреді:

Январь аяғының аяқ кезі. Күн батуға тақап қалған мезгіл. Күнбатыс батуға айналған күннің қызғылт сәулесімен нұрланып, қызыл торғынның түсіндей болып тұр. Күнге жақын тұрған ұзынша жұқалаң бұлттардың тұсы қалың өртке қызған темірдей қып-қызыл. Төбеге жақын тұрған алысырақ бұлттардың бір-бір жағы ғана жұқалаң қызылға боялған асыл нұрдың буын ғана жалатқандай. Қызғылт сәулесін дүниеге жайып тұрған күн шарасымен тұтас көрініп тұр. Аспан ашық. Берірек тұрған аз ғана ала шұбар бұлттар кең жаһанның жүзіне перде болған жоқ. Күні бойы тыныш болған жел Күшікбайдың бауырында ғана ызғырықтап, жаңадан жауған көбік қарды жаяу борасындатып тұр. Күннің қызыл сәулесі даланы да, тауды да өз өңіне кіргізген. Күнбатыс жақтан бораған ұсақ қар да күн астынан қызғылттанып тұр» (Сыздықова Р., 1997, 25 б.).

Бұл абзацта «қызыл» сөздің бірнеше рет қайталануында жазушының өзіндік сыры бар. Ол сырды ғалым дәл тауып, шығармада қандай қызмет атқарғанын көрсетеді: «М.Әуезов қызыл деген сөзді аталған әңгімеде баяндалатын трагедияның увертюрасы (кұлақ күйі) етіп ұсынған. Ғазизадай 13 жасар қыз бала қызыл гүл болса, ол – уыз жастықтың, пәктіктің символы, ал үзіндідегі келтірілген қызыл сөзі қатыгездікті көздеп тұр. Бұл қызылға ала шұбар бұлттар перде бола алмайды, яғни Ақан мырза «тыста болған әңгіменің немен тынарын білмей, біресе күдіктеніп қорқып, біресе азын-аулақ өкінгендей болып, тынышсызданып, қорғалақтанып» жатады (Сыздықова Р., 1997, 25-26 б.).

Демек, қызылға перде бола алмай қалған «ала шұбар» деген түс те символ, ол – «азын-аулақ өкініштің» символы болып табылады. Ал «Қаралы сұлу» повесінде болса, «қара» түс шығарманың өн бойында әр алуан затты, сәтті суреттеп қайталап келіп отырады екен. Жалпы бұл аталмыш құбылыс кез келген сәтте қолданыла бермейді, бұған оқиғаның немесе шығармада суреттелетін жеке бір ситуацияның оқырман сезіміне қатты әсер ететін, сол оқиғаның бір бояуына жазушы себепкер болады.

Сонымен қатар суреткер Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» шығармасында сөз-символ қолданысы табиғат көріністерін беруде қолданылған. Алайда бұл табиғат көріністерін беруде жұмсалған сөздер шығарма кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесін, қиын-қыстау кездерін астарлап, ишарамен жұмсалуда қолданылған. Мысалы түрмеде болған Рысқұлдың кең даланы, табиғатты, бостандықты аңсауы қара сораны суреттеу арқылы берілсе, ал сол кейіпкердің ішкі психологиялық символын көрсететін де сол табиғат: «*Аспандағы ай мен жұлдыздар төбеден төніп, бәрін байқап тұрған сияқты. Рысқұлға кінәлай қарайтын да тәрізді. Рысқұл білмейтін алдағы сұмдықты ай мен жұлдыздар сезіп, секем алып: «Әттеген-ай, бекер болды-ау!» деп, үндері жоқ, тек іштен тынып қалғандай. Мұндағы «бекер болды-ау!» деп іштен тынып тұрған, әрине, ай мен жұлдыз емес, Рысқұлдың ар-ұждан толғанысы» (Сыздықова Р., 1997, 58 б.).*

Ғалым тарихи романдарының тілін зерттеу барысында Ә. Кекілбаев және М. Мағауин шығармаларын алады. Бұл жерде қаламгерлердің сөз-символ қолданысына автор «Сөз құдіреті» еңбегінде арнайы тоқталмаса да, жазушы шығармасының стильдік ерекшелігін анықтауда қысқаша тоқталып өтеді. Және қандай мақсатта жұмсалғандығын айқындап, ғылыми тұжырымын жасайды. Мәселен, Ә. Кекілбаев туындысында кейіпкер бейнесін жасау немесе белгілі бір оқиғаны, құбылысты, іс-әрекетті баса көрсету мақсатымен қолданылған. Айталық, жазушының «Үркер» романы. Бұл романның бас кейіпкері Әбілқайыр ханның портретін жасауда автор «сұр», «ақ сұр», «сұп-сұр» сөздерін үнемі қайталап отырады. Бұлар тек Әбілқайырдың бет-жүзінің келбетін көрсетпейді, сондай-ақ ол – ханның ішкі портретінің көрсеткіші. «Сұп-сұр болу», бір жағынан, үлкен тартыста, арпалыста, тебіренген ойда жүрген адамның сыртқа тепкен келбетін танытса, екінші жағынан, «сұп-сұрлық» Әбілқайырдың үміті мен қаупін, қуанышы мен ренішін, қайраты мен осалдығын арпалысқан, аңдыған ұяластары

мен би, батыр сияқты ел тізгінін ұстағандарға білдірмеудің, сыр бермеудің қалқаны. Мәселен, «Тевкелев елшілігінің тізгіні өз қолына біржола өткеніне қуанған Әбілқайырды суреттеген жерде автор:

Бірақ жылт-жылт сығалап отырған сынышы көздерге сыр алдырғысы келмей, үйреншікті сұп-сұр қалпына түсіп алды.

Елішінің көз алдына қашан көрсең де бір қалпында тұратын сұп-сұр жүзі, тұнжыр жанары мен салыңқы қабағы келді. Бұның бәрі бұрын оған қайдағы жоқ сұмдықтарды ойлап отыратын ішмерездік қана сияқты көрінуші еді, енді байқаса, ішіндегі қара қазандай бұрқ-сарқ қайнап жатқан әлем-тапырық көңілін байқатқысы келмеген ерекше бір ұстам, сабыр екен ғой» (Сыздықова Р., 1997, 83-84 б.).

Осы үзіндіге қарап отырып, бұл жердегі «сұп-сұр» сөзінің кейіпкердің бейнесін білдіруде емес, керісінше, Әбілқайыр ханның ішкі келбетін, саясатын, күрес амалын білдіруде пайдаланылған. Академик Р. Сыздықованың сөзін келтірсек: «Жазушы бір сөзге бірнеше беттік суреттеменің жүгін арқалатқан» – дейді (Сыздықова Р., 1997, 84 б.).

«Сөз құдіреті» еңбегінде жанр мен тіл үйлесімі мәселесін қарастыруда қаламгер О. Бөкеевтің туындылары қарастырылады. Бұл үйлесімділікті ғалым образдылық жасайтын, яғни бейнелеуіш тәсілдерінен іздейді. Себебі «көркем шығарма» образдылығымен ерекшеленеді. Ал образдылық көбінесе сөзді өзінің тура мағынасынан көшіріп, ауыс мәнде жұмсауда жақсы танылады. Бұл – метафора, перифраз, аллегория, символ тәрізді амалдармен жүзеге асады. Оралхан Бөкеев осыларды шығарма жанры мен сипатының тактісіне билете әсем пайдаланады» (Сыздықова Р., 1997, 130 б.).

Біздің қарастырып отырған символ мәселесіне қатысты ғылыми талдауды суреткердің «Қайдасың қасқа құлыным» повесінен келтірсек, мысалы, бас кейіпкердің ой-монологу оның көрген түсі ретінде беріледі. Бұл түс-монологте «аппақ» сөзі арқылы образ жасайды: *аппақ селеулі дала, аппақ қозы, аппақ сақалды шал, аппақ домбыра, аппақ бие* – демек, жас жігіттің, яғни бас кейіпкер Қаршығаның түсінде көрген дүниесінің бәрі аппақ, бұл – арманның, ізгіліктің символы болып табылады.

Ғалым Рабиға Сыздықова қазақ прозасы тілін зерттеу саласында көп еңбек атқару арқылы көптеген жазушылардың стильдік ерекшелігін тани білген. Бұған, әрине, жоғарыда біздің ерекше атап өткен «Сөз құдіреті» еңбегі дәлел бола алады.

Зерттеуші Қ. Қайырбаеваның «Академик Р. Сыздық және қазақ тіл білімі мәселелері» атты конференция материалдарында жарияланған «Символдық мағынаны көркем мәтін мазмұнына сәйкес анықтау» атты ғылыми мақаласында символдың проза жанрында қолданылуы жөнінде анық айтқан: «Символ-сөздің мағынасы кейде бір сөйлем немесе абзац, әйтпесе тіпті бүкіл мәтін көлемінде ғана танылады. Сондықтан символды белгілі бір мәтіннен интуитивті түрде алынған контекст ретінде қарастырамыз. Ал контекстің әр түрлілігі символға көпмағыналылық сипатын береді. Яғни, сөз-символдың символдық мағынасын бірден түсіну мүмкін емес, ол өз мәнін бірте – бірте ашады және де шығарма мазмұнына сәйкес дағдылы символдық мәннен өзге сипатта да танылады» – дейді (Қаирбаева Қ., 2004, 111 б.).

Сонымен қатар, автор сөз-символ жазушының шеберлігін танытады және оның стильдік ерекшелігін көрсетеді деп тұжырымдайды. Шынында да, сөз-символ жазушының айтпақ ойын дөп басып, шығарманың көрнекілігін арттыру үшін қажет.

Ғалым өз ойы нақты болу үшін көркем шығармадан мысалдар келтіреді. Мысалға

І. Есенберлиннің «Алтын Орда» трилогиясының І кітабы және Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесі алынады. Бұл туындылардан «бүркіт» және «дала» сөздерінің автор қолданысындағы сипатына назар аударылады. Төменде аталған мысалдан Есенберлиннің көркем шығармасынан «бүркіт» сөзінің халық бейнесін танытатын символ образ ретінде қолданылғандығын көруге болады:

Жауға кегін жібермей үйренген Бату енді қара бүркіттен кегін алмақ болды... Қара бүркітті өз қолымен бауыздап, ыстық қанын ұрттаса Барағы тіріліп келетіндей сезінді. Хан Бату тағы аспанға қарады. Кереге қанат алып бүркіт тағы көз ұшында қалықтап жүр.

Алып қыран әлі көк бетінде қалықтап жүр.

Қыранның өзіне жақындап келе жатқанын көзі көрмесе де, Бату ханның жүрегі сезді.

«*Қыран*» бәрібір сенің қолыңнан ештеңе келмейді дегендей» Батудың дәл төбесінен қанатымен сипай бір өтті. Яғни «билік басында отырған Бату ханға халық көзқарасын жазушы бүркіт бейнесімен беріп, қалың қауымның еркіндікке, тәуелсіздікке ұмтылысын, Бату хан тәрізді билік иелерінің ең ақырында аяқ асты қалатынын, еркіндікке ұмтылған ұлттың алып тегеуріні, әйтеуір, бір күні болмаса, бір күні басып, асқақ арманына жететінін шеберлікпен, жазушылық талантпен жеткізе білген» деп тілші-ғалым «бүркіт» сөзінің қандай мақсатта пайдаланылғаны туралы түсіндіріп өтеді (Қаирбаева Қ., 2004, 113 б.)

Ал «дала» сөзін Мүсіреповтің повесінде бірнеше рет қайталанып отыратындығын мысалмен көрсетіп, мағынасын ашады. Мысалға төмендегі сөйлемдер алынды: «*Далада* өскен қазақ қызына жылдың төрт мезгілі ғана емес, әр күннің өзінде әлденеше мезгіл бар. Бәрінің де өз қызықтары бар. Бір жұмадай атқа мініп *далаға* шықпаған қыз даласын сағынып қалыпты».

«*Дала қызы* табиғаттың ең жас перзенті, Көзіне көрінгеннің бәрің көңіліне тоқып келеді. Ол не көріп, не біліп өсті? *Кең дала... көк дала, сары дала... сағым*».

«*Таза ұстаған киіз үйде даланың иісінен басқа иіс болмайтын бір кезі болушы еді, дәл сол қалпына келіпті*». Осы мысалдарды келтіре отырып, ғалым Қ.Қайырбаева «дала» сөзінің символдық мәнін айқындайды. Дәлірек айтқанда, «Дала – көшпендінің алтын бесігі, ол оның төл перзенті, Дала – туған жер, Дала – тәрбиеші, Дала – ана, Дала – сұлулық, көркемдік әлемі, Дала – еркіндік, тәуелсіздік, Дала – кеңдік, дархандық, Дала – қарапайымдылық» (Қаирбаева Қ., 2004, 112 б.)

Сөзін дәлелдей түсу үшін Р. Сыздықованың сөздерін келтіреді. Яғни «Дала сөзі қазақ поэзиясында, тіпті прозасында да бұрын да, қазір де туған жердің, қасиетті Отанының символы», – деп, «Сөз күдіреті» еңбегін де көрсетеді (Қаирбаева Қ., 2004, 113 б.)

Ұлт танымының осыған жалғас терең тамырын «жұрт» сөзінің символдық мәнінен де көруге болады. Оны ғалым Қазтуған жырауының шығармасынан көрсетеді. «Ал жұрт сөзіне қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай түсінік берілген: «Көшіп кеткен елдің орны, үй тіккен жер» (ҚТТС, 4 б., 236). Бұл жерде жырау жұрт сөзін бірнеше рет қайталай отырып, «туған жердің иесіз қалу идеясын айғақтайды, Қазақ үшін туған жер Алтын бесік, кір жуып, кіндік кескен жер, алғаш ат жалын тартып мініп, асық атып, айлы түнде алтыбақан теуіп, ақсүйек ойнаған, қалыңдығына ұрын барып, күйеу жігіт атанған қасиетті жер еріксіз артта қалып барады. Туған жерге деген ұлы сүйіспеншілікті жан жарасын жырау жеріне жеткізе толғаған» деп Қ. Қайырбаева Қазтуған жыраудың «жұрт» сөзін бірнеше рет қайталау арқылы не айтпақ болғысы келгенін дәлелдейді (Қаирбаева Қ., 2004, 113 б.).

Жыраудың туған жерге деген сүйіспеншілігін *жұрт жаңғыртты, ата жұрт, жұртын бермейді, жұртқа тастады, жұртта қалды, есіл ел, қайран жұрт, қара жұрт* тәрізді тұрақты сөз тіркестерінен байқауға болады. Сондықтан кез келген көркем туындыда бұл пайым кеңінен орын алып отырады.

Мақала соңында «бүркіт, дала, жұрт сөздері тәрізді бірден сыр бере қоймайтын, мағынасын аша қоймайтын символ-сөздердің мәні мәтінді тұтастай оқығанда белгілі болады. Соның өзінде символ мағынасы интуитивті түрде танылатыны анық» деп қорытындылайды (Қаирбаева Қ., 2004, 113 б.).

3. Қорытынды.

Соңғы жылдары жазылған диссертациялық жұмыстарда да проза тілінде сөз-символ қолданысын анықтау мәселесі кеңінен қарастырылған. Осы тұста Г.Ж. Снасапова, Г.Е. Имашева, З.Ә. Абдуллина, А.А. Амангелді сынды ғалымдардың еңбектерінен атауға болады.

Әдебиет тізімі

Абдуллина З.Ә. Балалар әдебиеті кейіпкерлерінің тілдік тұлғасы (Б. Соқпақбаев, М. Гумеров, М. Қабанбаевтың шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2008. – 30 б.

Имашева Г.Е. Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы ғаламның тілдік бейнесі: филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2007. – 25 б.

Қаирбаева Қ. Символдық мағынаны көркем мәтін мазмұнына сәйкес анықтау // «Академик Р. Сыздық және қазақ тіл білімі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2004. – 110–113 б.

Снасапова Г.Ж. Ғ. Мүсіреповтың «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер: филол. ғыл. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 2003. – 29 б.

Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.